

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты КММ-нің 2022-2023 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға кандидаттарды іріктеу үшін конкурстық комиссия құрамы отырысының

№ 1 хаттамасы

2023 жыл 04 мамыр

Қостанай қ.

Қатысушылар:

- Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна - мектеп директоры, комиссия төрайымы.
- Токтамысова Гульмира Карасаевна – директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Касыбаева Аерке Терекбаевна - комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Сейтқожина Шолпан Курманғалиевна - комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы.
- Оралбай Жанат Өсербайқызы - комиссия хатшысы, кадр мәселелері жөніндегі инспектор;

КҮН ТӘРТІБІ:

2022-2023 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға өтінімдерді қарау.

Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кадр мәселелері жөніндегі инспектор, комиссия хатшысы Оралбай Жанат Өсербайқызы тыңдалды: «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығының 3-тарауы 1-параграфы 96-тармағына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты КММ 2022-2023 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына конкурс жарияланды.

Қазақ тілдерінде оқытатын сыныптарға:

- Алғашқы әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушысы- 1 еңбекақы мөлшерлемесі және 7 сағат;

- Тәрбиеші- 1 еңбекақы мөлшерлемесі;

Педагогтардың бос және уақытша бос лауазымдарына конкурс ұйымдастыру мерзімі мектептің shodaltynsarin.kz ресми сайтында және Instagram-да [ybyrai.mektep](https://www.instagram.com/ybyrai.mektep) ресми мектеп әлеуметтік желісінде жарияланды. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы

